

Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп тану туралы

Қызылорда облысы әкімдігінің 2019 жылғы 4 қарашадағы № 94 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 5 қарашада № 6956 болып тіркелді

"Құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 2016 жылғы 6 сәуірдегі Заңының 27-бабына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қызылорда облысы әкімдігінің кейбір қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) "Орта білім беру ұйымдарында психологиялық қызметтің жұмыс істеу Қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 878 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4953 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 21 сәуірде және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 мамырда жарияланған);

2) "Білім беру ұйымының ішкі тәртіптемесінің Үлгі қағидаларын бекіту туралы" Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 17 наурыздағы № 879 қаулысы (Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 4954 нөмірімен тіркелген, "Сыр бойы" және "Қызылординские вести" газеттерінде 2015 жылғы 21 сәуірде және Қазақстан Республикасы нормативтік-құқықтық актілерінің "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде 2015 жылғы 5 мамырда жарияланған).

2. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі

К. Искаков